

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 29 желтоқсандағы
ДС-351 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Оқулықтардың сапасын жақсартуға қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 4-сыныбына арналған «Русский язык» оқулығы («Алматыкітап» баспасы) 2019 жылы білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылған (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығы).

Министрліктің Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұның сараптау орталығы оқулықтың 15-бетінде жіберілген қателікті жою бойынша тиісті түзету енгізу қажеттігі туралы «Алматыкітап» баспасына хат жолдады (12.02.2020 ж. №01/01-44). Жауапты тұлғаларға қатысты тәртіптік жаза шаралары қолданылды, оның ішінде «Алматыкітап» баспасының баспа қызметі жөніндегі вице-президенті мен орыс редакциясының бас редакторы атқарып отырған лауазымдарынан босатылды.

Өз кезегінде «Алматыкітап» баспасы аталған оқулықтың қолданыстағы электрондық нұсқасына тиісті түзетулерді толығымен енгізді. Қазіргі кезде ол қолжетімді. Сонымен бірге бүгінде баспаға оқулықтарды қайта басып шығару және ауыстыру міндеті жүктелуде.

Оқулықтардың сапасын арттыру мәселесін жүйелі шешу үшін Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларына¹ 2020 жылғы шілдеде баспалардың есебінен қателері бар оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді ауыстыру жөніндегі міндеттерін қосу бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Білім беру ұйымдарында қолданылатын оқу әдебиеттерінің сапасын күшейту бойынша Министрлікке тапсырмалар берілді.

Аталған бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е.Тоғжанов

Орындаушы: Н.Е.Абдрахимов, тел.: 745410

¹ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығы.